

Приозерск қаласында салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 18/60 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 мамырда № 6332 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 475 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 17847 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Приозерск қаласында салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қарағанды облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Приозерск қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Д.Ш. Сәденовке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Приозерск қаласы әкімінің міндетін атқарушысы

Д. Саденов

Приозерск қаласы
әкімдігінің
2021 жылғы 30
сәуірдегі
№ 18/60

қаулысына қосымша

Приозерск қаласында салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

№	Салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
Үйлерді салу		
1	"Түбек" ауданында тұрғын үйлер (Транспортная көшесі мен көл жағалауы арасында: Таңшолпан көшесінен бақылау өткізу пунктіне дейін, Транспортная және теміржол көшелері арасында: канализациялық коллектордан бақылау өткізу пунктіне дейін)	2,05
2	Таңшолпан, Алаш көшелері "Түбек" ауданында тұрғын үйлер (көл жағалауы мен Транспортная көшелері арасында: Сарыарқа көшесінен Таңшолпан көшесіне дейін)	2,35
3	Бәйтерек, Абай көшелері	2,50
4	Көктеңіз көшесі	2,40
5	Панфилова көшесі	1,85
6	Дружба Народов көшесі	1,75
Пәтерлер		
7	Дружба Народов, Космонавтар, Гвардейская, Абай көшелері, Бульвар Жеңіс, Балхаш, Дорохов, Ағыбай батыр, Пушкин, Б.Момышұлы, Кисунько, Достық көшелері	2,10
8	Сарыарқа көшесі	2,50
Саяжайлар		
9	Дружба Народов көшесі	1,85
10	Қала шекарасындағы саяжай алабы	1,10
Гараждар		
11	Абая көшесі	2,35
12	Ағыбай батыр, Пушкин көшелері	1,85
13	Тұран, Гвардейская көшелері	1,55
14	Гранит өткелі	1,65